

**Ақтау қаласындағы
«Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік кіреберіс, Үздік аула
сыпырушы» атағы үшін**

«Біздің Ауламыз – Біздің Қаламыз»

#AktauTogether
**байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер.

1.1. «Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік кіреберіс, Үздік аула сыпырушы» атағы үшін байқау «Эко Маңғыстау» ҰЕМ-мен Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ұйымдастырылады.

1.2. Байқау халықтың және мекемелер (ұйымдар, кәсіпорындар) басшыларының үй жанындағы аумақтарды, мекемелердің аумақтарын күтіп-ұстауды, абаттандыруды және көгалдандыруды жақсарту жөніндегі бастамаларын дамытуға, халықты тұрғын үй қорының сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарына қатысуға тартуға, Ақтау қаласының аумағында өмір сүруге қолайлырақ жағдай жасауға бағытталған.

1.3. Байқауды өткізу мерзімі: 2025 жылдың 26 мамыры мен 15 қазаны аралығында өткізіледі.

1.4. Байқау төмендегі номинациялар бойынша өтеді:

I топ: Тұрғын үй секторы

«Үздік аула» – тұрғын үй кварталдары мен шағын аудандар қағидасы бойынша ұйымдастырылған көп пәтерлі үйлердің аула аумақтары арасында.

«Үздік ТК ауласы» – заманауи тұрғын үй кешендері (ТК), соның ішінде басқарушы компаниялары және қоғамдық кеңістіктер, ландшафттар және «ақылды» аула элементтері жайластырылған Мүлік иелерінің бірлестіктері бар жаңа құрылыстар мен нысандар.

«Үздік кіреберіс» – тұрақты күтім жасалатын, қабырғалары, гүл композициялары, көркемдік элементтері безендіріліп, тұрғындарға жайлы орта жасалған көп пәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістерінің арасында.

II топ: Бизнес және мекемелер

«Үздік бизнес аумағы» – іргелес аумақтардың тазалығы, көгалдандырылуы, абаттандырылуы және сыртқы келбеті сақталатын коммерциялық, әкімшілік және әлеуметтік мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар, соның ішінде дәмханалар, дүкендер, кеңселер арасында.

III топ: Еңбек және қызмет көрсету

«Үздік аула сыпырушы» – басқарушы компаниялардың, Мүлік иелерінің бірлестіктерінің, Қарапайым серіктестіктердің, Пәтер иелерінің кооперативінің немесе мердігер ұйымдардың атынан үй жанындағы аумақтарды тазалауды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жұмыскерлерге арналған жеке номинация.

1.5. Байқауды өткізу және оның қорытындыларын шығару байқауды дайындау және өткізу жөніндегі байқау комиссиясына (бұдан әрі – байқау комиссиясы) жүктеледі.

Байқау комиссиясының негізгі қызметтері:

- байқауға қатысушылардың өтінімдерін (бұдан әрі – өтінім) қарастыру;
- байқауға қатысу үшін тапсырылған материалдар мен құжаттарды (бұдан әрі – байқау материалдары) қарастыру;
- байқаудың қорытындыларын шығару.

Байқау комиссиясы комиссия төрағасынан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Байқау комиссиясының хатшысы өтінімдерді, байқау материалдарын қабылдауды, байқау материалдарын қорытуды және талдауды, байқау комиссиясының отырыстарына ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады. Байқау комиссиясының отырысы оның құрамының жартысынан көбі қатысқан жағдайда, құқылы деп есептеледі. Байқау комиссиясының шешімдері ашық дауыс беру арқылы байқау комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің дауыстарының көпшілігімен қабылданады. Байқау комиссиясының шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған байқау комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

1.6. Байқауға қатысу ерікті түрде жүзеге асырылады.

1.7. Ақтау қаласының барлық тұрғындары мен мекемелер (ұйымдар, кәсіпорындар) басшылары байқауға қатысуға құқылы.

1.8. Байқауға қатысуға өтінімдерді Ақтау қаласының тұрғын үйлерінің өкілдері, тұрғындары, мекемелер (ұйымдар, кәсіпорындар) басшылары AktauKala.2025@gmail.com электрондық поштасы бойынша (байқау комиссиясының хатшысына), ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін тапсырады. Өтінім осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес үлгі бойынша тапсырылады, сондай-ақ өтінімде аталған нысанның ең кемінде 5 дана фотосуреттері және/немесе бейнелері ұсынылады.

1.9. Байқауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығындар «Эко Маңғыстау» ҰЕМ қаражаты есебінен Ақтау қаласы әкімдігінің ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында бекітілген сметаның негізінде жүзеге асырылады.

1.10. «Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік кіреберіс, Үздік аула сыпырушы» атағы үшін байқау туралы ереже Ақтау қаласы әкімдігінің <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-goroda-aktau?lang=ru> ресми ақпараттық интернет-сайтында және «Эко Маңғыстау» ҰЕМ-нің www.ecomangystau.kz ресми сайтында орналастырылады.

2. Байқаудың шарттары

Байқау комиссиясына ағымдағы жылдың 15 қазанына дейінгі мерзім ішінде осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес үлгі бойынша өтінім жіберген Ақтау қаласының тұрғыны байқаудың қатысушысы деп танылады. Белгіленген мерзімнен кейін тапсырылған байқау материалдары қарастыру үшін қабылданбайды.

2.1. «Үздік аула» номинациясы

Көп пәтерлі үйлердің аулалары арасында төмендегі өлшемшарттар бойынша беріледі:

- тұрғындардың үй жанындағы аумақты абаттандыру және көгалдандыру бойынша бірлескен жұмыстарға қатысуы;
- тазалық пен тәртіпті тұрақты сақтау, сенбіліктерді өткізу, тұрғындардың белсенділігі мен бастамашылдығы;

балалар және спорт алаңдарының, шағын архитектуралық пішіндердің, қоқыс жәшіктерінің, орындықтардың сақталғандығы және оларға күтім жасалуы;

- эстетикалық безендірудің болуы (гүлзарлар, декор, соны элементтер, шығармашылық).

2.2. Үздік ТК ауласы

Басқарушы компаниялары немесе Мүлік иелерінің бірлестіктері бар заманауи тұрғын үй кешендері (ТК) бағаланады:

- ландшафттық дизайнның, кәсіби көгалдандырудың болуы және сапасы;
- ауланың, тротуарлардың, қоршаулардың, жарықтандырудың, қасбеттердің жалпы техникалық және эстетикалық жағдайы;
- абаттандыруды, мәдени бастамаларды, «ақылды» аула элементтерін қолдауға тұрғындардың қатысуы;
- инновациялардың болуы (қалдықтарды сұрыптау, қуатты үнемдейтін шешімдер, қолжетімді орта және т.б.).

2.3. «Үздік бизнес аумағы» номинациясы

Іргелес аумақтың үлгілі жағдайы үшін мекемелерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға беріледі:

- санитарлық жағдайы: тазалық, тазалануы, қоқыс пен арамшөптердің болмауы;
- көгалдандыру: бапталған гүлзарлардың, ағаштардың, бұталардың болуы;
- шағын жолдардың, тротуарлардың, асфальт жабынының, жарықтандырудың жағдайы;
- ғимарат қасбетінің баптылығы, тақтайшалар мен көрсеткіштердің болуы;
- қоршаулардың, алаңшалардың, витриналардың немесе шағын архитектуралық пішіндердің болуы және жағдайы;
- безендірудің мекеменің корпоративтік стиліне немесе тақырыбына сәйкестігі.

2.4. «Үздік кіреберіс» номинациясы

Көп пәтерлі үйдің кіреберісі жайлылық, тазалық және сонылық тұрғысынан бағаланады:

- тұрақты тазалануы және тазалық пен тәртіпті сақтау;
- декордың болуы: гүлдер, суреттер, шығармашылық безендіру, тақырыптық бұрыштар;
- тұрғындардың безендіруге және күтім жасауға қатысуы;

- ақпараттық стендтердің, «жаңалықтар тақталарының», балалар суреттерінің және т.б. болуы;
- қабырғаларды, едендерді, есіктерді және жарықтандыруды әрлеудің сақталуы.

2.5. «Үздік аула сыпырушы» номинациясы

Тұрғын үй және пайдалану кеңселерінде, Мүлік иелерінің бірлестіктерінде, Қарапайым серіктестіктерде, сондай-ақ мердігер ұйымдарда жұмыс істейтін аула сыпырушыларының кәсіби қызметі бағаланады:

- үй жанындағы аумақты тазалау сапасы (күнделіктілігі, адалдығы);
- қоқыс жәшіктерінің, контейнер алаңшаларының жағдайы, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің болмауы;
- жұмыскердің ұқыптылығы мен сыпайылығы;
- қосымша қызметтерді орындауы: жасыл көшеттерге күтім жасау, жабдықтың жағдайын қадағалау, тұрғындармен қарым-қатынасы;
- негізделген шағымдардың болмауы және тұрғындардан оң пікірлердің болуы.

3. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

3.1. Байқау қорытындыларын шығару ағымдағы жылдың 10 желтоқсына дейін жүргізіледі.

3.2. Байқау қорытындыларын шығару осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

3.3. Байқау комиссиясы тапсырылған өтінімдерді 1.8-тармақта белгіленген мерзім ішінде қарастырады және нәтижелерді тіркеу үшін *(қажет болған жағдайда)* нысанға барады.

3.4. Байқау жұмыстары осы ереженің 2.1; 2.2; 2.3; 2.4; 2.5; тармақтарында әрбір топ үшін белгіленген өлшемшарттар бойынша бағаланады;

Әрбір өлшемшарт бойынша 0-ден 5-ке дейін ұпайлар қойылады, оларды ұйымдастыру комитетінің ең кемінде екі мүшесі осы Ереженің №2, № 3, №4 қосымшаларына сәйкес бағалау парағына енгізеді.

Ұйымдастыру комитетінің барлық мүшелері берген ұпайларды қосындылау кезінде ең көп ұпай жинаған қатысушы 1.4-тармақта көрсетілген әрбір топ бойынша байқау жеңімпазы болады, оған I (бірінші орын) беріледі, I (бірінші) орыннан басқа II (екінші), III (үшінші) орындар беріледі.

Бекітілген сметаға сәйкес Жүлде қоры:

1-орын: 150 000 (5 номинация)

2-орын: 100 000 (5 номинация)

3-орын: 80 000 (5 номинация)

3.5. Байқау комиссиясының шешімі қорытынды Хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия төрағасы мен хатшысының қолы қойылған жиынтық бағалау парағы қоса беріледі.

3.6. Жеңімпаздар Ақтау қаласы әкімдігінің құрмет грамоталарымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

3.7. **«Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік кіреберіс, Үздік аула сыпырушы»** атағы үшін байқаудың қорытындысы туралы ақпарат Ақтау қаласы

әкімдігінің және «Эко Маңғыстау» ҰЕМ-нің ресми ақпараттық интернет-сайттарында орналастырылады.

3.8. Жеңімпаздарды марапаттау салтанатты іс-шара кезінде өткізіледі, оның өткізілетін күні, уақыты және орны туралы Жеңімпаздарға қосымша хабарланады.

**Ақтау қаласындағы «Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік
кіреберіс, Үздік аула сыпырушы» атағы үшін байқау туралы Ереженің
№1 қосымшасы**

**Ақтау қаласындағы «Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік
кіреберіс, Үздік аула сыпырушы»
атағы үшін байқауға қатысуға өтінімнің**

ҮЛГІСІ

Ақтау қаласындағы
«ЭкоАула – ЭкоҚала» атағы үшін байқауды
дайындау және өткізу жөніндегі
байқау комиссиясының төрағасына

«Үздік аула, Үздік ТК ауласы, Үздік бизнес аумағы, Үздік кіреберіс, Үздік аула сыпырушы»

(байқау топтарының бірі аталады) **атағы үшін
байқауға қатысуға**

ӨТІНІМ

(Тегі, аты, әкесінің аты – жеке тұлғалар үшін, мекеменің атауы және басшының тегі, аты,
әкесінің аты – заңды тұлғалар үшін) _____

(мекен-жайы бойынша тұратын – жеке тұлғалар үшін, мекен-жайы бойынша орналасқан –
заңды тұлғалар үшін) _____ (топты көрсетіңіз) атағы үшін байқаудың
қатысушылары қатарына қосуыңызды сұраймын.

Байқаудың шарттарымен келісемін.

Байланыс телефоны _____.

« _____ » _____ 2025 ж.

(колы)

(аты мен әкесі атының бірінші әріптері, тегі)

Ақтау қаласындағы «Үздік аула сыпырушы»

атағы үшін байқауға қатысуға өтінімнің

ҮЛГІСІ

Ақтау қаласындағы
«Үздік аула, үздік аула сыпырушы, үздік мекеме (бизнес аумағы)»
атағы үшін байқауды дайындау және өткізу жөніндегі
байқау комиссиясының төрағасына

«Үздік аула сыпырушы» атағы үшін байқауға қатысуға

ӨТІНІМ

Байқауға қатысуға өтінімдерді кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, сондай-ақ қатысушы өз бетінше тапсырады. Өтінім төмендегілерді қамтуы керек:

- Байқауға қатысуға өтінім беруші ретінде іс-әрекет ететін кәсіпорынның немесе ұйымның атауы және басшысының аты-жөні

- Байқауға қатысушы – аула сыпырушының тегі, аты, әкесінің аты

- Байқауға қатысушының жасы _____

- Аула сыпырушының сеніп тапсырылған аумақтағы жұмыс өтілі _____

- Мекемеге қарасты, тазартылуы тиіс аумақтың мекен-жайы және тазартылатын аумақтың ауданы

- Аула сыпырушының жұмыс кестесі _____

- Аула сыпырушының жұмысындағы ынталандырушы факторлардың бар-жоқтығы туралы ақпарат

Байқаудың шарттарымен келісемін.

Байланыс телефоны _____.

« _____ » _____ 2025 ж.

(қолы)

(аты мен әкесі атының бірінші әріптері, тегі)

Номинацияларды бағалау өлшемшарттары:

«Үздік аула» номинациясы

№	Өлшемшарттар	Макс. ұпай
1	Тұрғындардың абаттандыру және көгалдандыруға қатысуы	5
2	Аумақтағы тазалық пен тәртіп, қоқыс жәшіктерінің болуы, сенбіліктерді ұйымдастыру	5
3	Балалар және спорт алаңдарының, шағын архитектуралық пішіндердің жағдайы	5
4	Ауланың эстетикалық безендірілуі (гүлзарлар, арт-нысандар, декоративтік элементтер)	5
5	Тұрғындардың бастамашылдығы, байқауларға қатысуы, жайлылықты сақтаудағы белсенділігі	5

«Үздік ТК ауласы» номинациясы

№	Өлшемшарттар	Макс. ұпай
1	Ландшафттық дизайн және көгалдандыру сапасы	5
2	Абаттандыру деңгейі (жарықтандыру, жолдар, қасбеттер, қоршаулар)	5
3	Аула кеңістігін безендірудің эстетикасы мен заманауилығы	5
4	Инновациялық шешімдер (Қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, күн шамдары, қолжетімді орта және т.б.)	5
5	Басқарушы компанияның/Мүлік иелерінің бірлестіктерінің және тұрғындардың ауланың күтіміне және дамытуға қатысуы	5

«Үздік бизнес аумағы» номинациясы

№	Өлшемшарттар	Макс. ұпай
1	Іргелес аумақтың санитарлық жағдайы	5
2	Көгалдандыру және жасыл көшеттерге күтім жасау	5
3	Қасбет баптылығы, кіреберіс тобының безендірілуі	5
4	Тақтайшалардың, маңдайшалардың, көрсеткіштердің болуы, корпоративтік стильге сәйкестігі	5
5	Жол жабынының, қоршаулардың, абаттандыру элементтерінің жағдайы	5

«Үздік кіреберіс» номинациясы

№	Өлшемшарттар	Макс. ұпай
1	Тазалық, тазалаудың тұрақтылығы	5
2	Кіреберістің эстетикалық безендірілуі (гүлдер, суреттер, декор, арт)	5
3	Тұрғындардың безендіруге және тәртіпті сақтауға қатысуы	5
4	Ақпараттық стендтің, демалыс бұрышының, мәдени бастамалардың болуы	5
5	Кіреберістің техникалық жағдайы (қабырғалар, еден, есіктер, жарықтандыру)	5

«Үздік аула сыпырушы» номинациясы

№	Өлшемшарттар	Макс. ұпай
1	Үй жанындағы аумақты күнделікті тазалау сапасы	5
2	Қоқыс жәшіктері мен контейнер алаңшаларының жағдайы	5
3	Жұмыскердің ұқыптылығы, сыртқы келбеті және сыпайылығы	5
4	Қосымша қызметтерді орындауы (көшеттерге күтім жасау, жабдықтарды қадағалау және т.б.)	5
5	Шағымдардың болмауы, тұрғындардан алған алғыстардың болуы	5